Егер алғаш рет қосқан кезде, сіз пультті және теледидарды Bluetooth арқылы қоспасаңыз, оны кейінірек орындаңыз – әйтпесе, Сіз дауыспен енгізуді пайдалана алмайсыз. Бұдан бөлек, пернетақтаны, тінтуірді, джойстикті немесе басқа басқару құрылғысын да қоса аласыз:

1. Теледидардың үй экранынан  басыңыз, содан соң **Пульт и аксессуары (Пульт пен аксессуарлар)** бөліміне өтіп, **Добавить устройство (Құрылғыны қосу)** опциясын таңдаңыз.
2. Құрылғыны қосу режиміне ауыстырыңыз. Пультті байлайтын болсаңыз, ондағы дыбыс қаттылығын азайту және ұлғайту түймелерін бір уақытта басып тұрып, индикатордың жанып-сөнуін күте тұрыңыз.
3. Теледидардың құрылғыны тауып, оған қосылғанын күтіңіз.


### Күн мен уақытты өзгерту

1. Теледидардың үй экранынан  басыңыз, содан соң **Настройки устройства (Құрылғының баптаулары)** бөліміне өтіп, **Дата и время (Күн мен уақыт)** опциясын таңдаңыз.
2. Баптауларды өзгертіңіз:
  - Күн және уақыт интернет арқылы автоматты түрде анықталуы үшін **Автонастройка даты и времени (Күн мен уақытты автобаптау)** таңдап,


**Использовать время сети (Желі уақытын қолдану)** опциясын іске қосыңыз. Бұл арада уақыт сіздің сағат белдеуіңіз үшін көрсетілмесе, күн мен уақытты баптау мәзіріне қайта оралып, **Выбрать часовой пояс (Сағат белдеуін таңдауды)** басып, өз өңіріңіздің белдеуін табыңыз.

- Күн немесе уақыт баптауларын қолмен белгілеуіңіз келсе, онда **Автонастройка даты и времени (Күн мен уақытты автобаптау)** түймесін басып, **Использовать время сети (Желі уақытын қолдану)** опциясын қосыңыз. Содан соң күн мен уақытты баптау мәзірінде қажетті мәндерді орнатыңыз.

## Экран баптауларын өзгерту

1. Теледидардың үй экранында  басыңыз да **Изображение (Кескінді)** таңдаңыз.
2. Баптауларды өзгертіңіз:
  - **Кескін режимі.** Ашықтық, кереғарлық, түстілік және басқа баптаулар әртүрлі бейне мен қарау шарттары үшін іріктелген. Әрбір режимді көріп байқаңыз және барынша шынайы болып көрінетін кескінді таңдаңыз.
  - **Түс температурасы.** Кескінге қабаттасатын түс реңкі. Әдетте, кескін стандартты немесе жылы түс температурасымен бірге жақсы көрініп тұрады, алайда эксперимент ретінде өзіңізге ұнайтын температураны таңдауға да болады.
  - **Көмескі жарық.** Экран жарықтығын өзгертеді.
  - **Шуды басу.** Егер осы опцияны қоссаңыз, теледидар кескінді автоматты түрде жақсарту: кедергілер мен бұлыңғырлықты жоюға әрекет жасайтын болады. Әдетте сапалы бейнені қарасаңыз, шуды басу дәрежесін орташа мәнге белгілей аласыз немесе мүлде сөндіре аласыз.
  - **Кескін нысаны.** Экран жақтарының арақатынасын анықтайды. Егер сізге әдепкі қалпы бойынша мән сәйкес келмейтін болса немесе сіз кескінді ұлғайтқыңыз немесе тартқыңыз келсе, тізімдегі тиісті тармақты таңдаңыз.

## Дыбыс баптауларын өзгерту


1. Теледидардың үй экранында  басыңыз да **Звук (Дыбысты)** таңдаңыз.
2. Баптауларды өзгертіңіз:
  - **Дыбыс режимі.** Бейненің нақты типіне сай іріктелген дыбыс баптаулары. Жиі қарайтын бейнеге сәйкес келетін режимді таңдаңыз: мысалы, музыкалық клиптерді қарау үшін Музыка режимі жарайды.
  - **Көлемді дыбыс.** Дыбысты, тіпті теледидардың екі динамигінде де көлемді түрде естілетіндей етіп өңдейді.
  - **AVC.** Түрлі теларналар мен бейне арасында ауысқан кезде, олардың дыбысы тым қатты немесе ақырын болмауы үшін, дыбыс қаттылығын орталайды.
  - **Цифрлық аудио шығысы.** Аудиожүйеге дыбысты жіберетін пішімді анықтайды. Аудиожүйе қолданылатын пішімді таңдаңыз. Егер теледидар цифрлық аудиожүйеге қосылмаған болса, цифрлық аудио-шығысты сөндіріңіз.




## Интернет-арнаны таңдаулыға қосу

Таңдаулы интернет-арналар арналардың тізіміндегі **Избранное (Таңдаулы)** тобында көрсетіледі – оларды сол жерде тез тауып алуға болады.

Интернет-арнаны қосу үшін:

1. Теледидардың үй экранында ТВ (ТД) бөлімін таңдаңыз.
2. Арнаны таңдаңыз, содан соң арна атауының жанынан  белгісі пайда болғанша, пульттегі **OK** батырмасын басып, ұстап тұрыңыз.

## Балалар режимін қосу


1. Теледидардың үй экранынан  басыңыз, содан соң **Настройки устройства (Құрылғының баптаулары)** бөліміне өтіп, **Родительский контроль (Ата-аналық бақылау)** опциясын таңдаңыз.
2. Қолжетімділік кодын енгізіңіз – балалар бұл кодты білмей, ата-аналық бақылау баптауларын өздері өзгерте алмайды.
3. Іздеуде сүзгілеу деңгейін және жас шамасы рейтингі бойынша шектеулерді таңдаңыз.

Келесі жолы **Ата-ана бақылауы** мәзірін ашуға әрекет жасасаңыз, теледидар ағымдағы ПИН-кодты сұрайтын болады. Егер Сіз оны ұмытып, бес рет дұрыс енгізбеген болсаңыз, теледидар код арылтуды ұсынады. 0000 шебер-ПИН кодын енгізіп, жаңа кодты енгізіңіз.

## Интернетке қайта қосу


Егер теледидар интернетке кәбіл арқылы қосылған болса, кәбілді ажыратыңыз және оны қайтадан қосыңыз.

Теледидарды Wi-Fi желісіне жаңадан қосу үшін:


1. Егер Интернетке кәбіл арқылы қосылған болсаңыз, кәбілді LAN жалғағышынан суырыңыз.
2. Теледидардың үй экранынан  басыңыз, содан соң **Сеть и Интернет (Желі мен Интернет)** опциясын таңдаңыз.
3. Теледидарды құпия сөзі өзгерген желіге қайта қосқыңыз келсе, алдымен оны жойыңыз. Бұл үшін қолжетімділер тізіміндегі желіні таңдап, **Бұл желіні жоюды** басыңыз.
4. Қолжетімді желілер тізімінен қажеттісін тауып, оның құпиясөзін енгізіңіз.

## Аккаунт қосу

Теледидарды отбасымен бірге пайдалансаңыз, жақындарыңыздың аккаунттарын қосып, олардың арасында ауысыңыз. Осылайша, қарау тарихтары араласпайды, сондықтан әрбір отбасы мүшесі үшін фильмдер, телеарналар және бейне ұсыныстары дәлірек болады.


Аккаунтты қосу үшін үй экранынан  басыңыз, **Добавить пользователя (Пайдаланушыны қосу)** опциясын таңдап, теледидардағы нұсқаулықты басшылыққа алыңыз. Қосылған аккаунт автоматты түрде белсенді болады – иесінің мүдделері бойынша ұсынымдар және оның Яндекс.Плюс жазылымы

бойынша контентке қолжетімділігі шығады.


Егер теледидардағы қандай да бір аккаунт енді керек болмаса, одан шығыңыз: теледидардың үй экранынан  басып, аккаунтты таңдаңыз және **Аккаунттан шығу опциясын басыңыз**.

## Бағдарламалық жасақтаманы жаңарту

Теледидар жаңартулардың бар-жоғын автоматты түрде тексеріп, оларды орнатады. Бағдарламалық жасақтаманың ағымдағы нұсқасын білгіңіз келсе немесе оны мәжбүрлі түрде орнатқыңыз келсе:

1. Теледидардың үй экранынан  басыңыз, содан соң **Настройки устройства (Құрылғының баптаулары)** бөліміне өтіңіз.
2. **Об устройстве (Құрылғы туралы)** бөлімін таңдаңыз. Бағдарламалық жасақтаманың ағымдағы **Сборка (Құрастыру)** тармағында көрсетіледі. Бағдарламалық жасақтаманы жаңарту үшін **Обновление системы (Жүйе жаңартуды)** басыңыз.

## Баптауларды арылту


Теледидардың үй экранынан  басыңыз, содан соң **Настройки устройства (Құрылғының баптаулары)** бөліміне өтіп, **Сброс (Арылту)** опциясын таңдаңыз. Операцияның орындалуын растап, баптаулардың арылтуы аяқталғанын күтіңіз. Содан соң теледидарды жаңадан баптаңыз.

## Басқа баптаулар

Теледидардың басқа баптаулары туралы [yandex.ru/support/smart-tv](https://yandex.ru/support/smart-tv) сайтындағы анықтамадан оқыңыз.



## Кабельді, жерсеріктік және эфирлік телеарналарды қарау

Пульттегі **ТД** батырмасын басыңыз немесе теледидардың үй экранындағы **Главное (Басты бет)** бөлімін таңдаңыз және **ТД** белгішесін содан табыңыз. Алғаш рет іске қосқан кезде арналарды теңшеу мәзірі ашылады — теледидарлық сигналдың түрін таңдаңыз және осы түріндегі арналар табылмаса, оларды іздеуді іске қосыңыз. Кейін табылған арналардың тізімі бірден ашылатын болады. Сіз **ТД** батырмасын басқаннан кейін көрсетілетін арналардың түрін өзгерте аласыз. Бұл қажет болады, мысалы, егер теледидарға бұрын телемұнарадан эфирлі сигналды қабылдау үшін антенна қосылған болса, ал қазір сіз цифрлық кабельді **ТД** қостыңыз. Ол үшін теледидардың үй экранында  басыңыз да **Настройка каналов (Арналар теңшеуді)** таңдаңыз.


## Интернет-телеарналар, фильмдер, сериалдар мен роликтерді қарау

Бұл теледидарды кәбілдік, жерсеріктік немесе эфирлік теледидарға қосу міндетті емес: онда ондаған интернет-телеарна әлдеқашан қолжетімді болады. Яндекс.Плюс немесе КиноПоиск жазылымыңыз бар болса, онда таңдау телеарналармен ғана шектелмейді – КиноПоиск кітапханасынан фильмді немесе хикаяны таңдауға болады.


Телебағдарлама, фильм, хикая, бейнеблогер ролигін немесе мультфильм қосу үшін экранның сол жағындағы мәзірдің қажетті бөлігін таңдаңыз. Егер нені көру керектігін білмесеңіз, **Главное (Басты)** бет бөліміне өтіңіз – онда сізге ұсынылатын бейнелер жиналған.

## Музыка мен подкасттарды тыңдау


Яндекс.ТД бар теледидарда сізге бүкіл Яндекс.Музыка кітапханасы қолжетімді: әртүрлі жанр, стиль мен дәуірдің 40 млн артық композиция.

- Кино туралы подкасттарды тыңдаңыз, саундтректерге рақаттаңыз немесе күнделікті істер үшін «Фон ретінде нені тыңдау» іріктемесін іске қосыңыз. Осыған қоса, сіз жақында қараған фильмдерден алынған саундтрек іріктемелерімен КиноОйнату тізімін таңдауға болады.
- Іріктемелерге, ойнату тізімдеріне және ұсынымдарына өту үшін үй экранындағы Музыка бөліміне өтіңіз.
- Қажетті музыканы қосу үшін Алисаны кез келген уақытта сұрауға болады. Ол үшін пульттегі  батырманы басып, Алисаға жасау керектігін айтыңыз.

# КиноПоиск интернет-сервисінде немесе желіде бейне іздеу

Интернеттен ролик немесе КиноПоиск\* кітапханасынан фильм табу үшін экранның сол жағындағы мәзірден **Поиск (Іздеу)** таңдап, бейнежазбаның атауын теріп жазыңыз. Осыған қоса, атауын дауыстап айтуға да болады. Ол үшін пульттегі  батырманы басып, нені табу керектігін айтыңыз. Егер пульт теледидарға Bluetooth арқылы қосылған болса ғана, дауыспен енгізу жұмыс істейді («Пультті немесе басқа құрылғыны Bluetooth арқылы қосу» бөлімін қараңыз).

## Бейнені сыртқы құрылғыдан қарау

1. Теледидар мен құрылғыны «Сыртқы құрылғыларды қосу» бөлімінде көрсетілгендей етіп біріктіріңіз.
2. Пульттегі  батырмасын басыңыз, содан соң сигнал көздерінің тізімінен құрылғы қосылған көзді табыңыз.

## USB-тасығышынан медиафайлдарды қарау

Теледидар USB-тасығыштарын қолдайды:



- NTFS файл жүйесімен бірге сыйымдылығы 2 ТБ дейін;
- FAT32 файл жүйесімен бірге сыйымдылығы 128 ГБ дейін (файлдың максималды көлемі – 4 ГБ);
- FAT16 файл жүйесімен бірге сыйымдылығы 2 ГБ дейін.

**Ескертпе:** теледидар кейбір сыртқы USB-құрылғыларымен үйлесімді болмауы мүмкін. Осыған қоса, жекелеген USB-құрылғылары сыртқы, қосымша қуаттауды талап етеді.

\* Фильмдер мен хикаялар үшін Яндекс.Плюс немесе КиноПоиск жазылымы керек. Қолданыстағы промокезең немесе промокод та жарайды. Телебағдарламалар мен Интернеттегі бейнелерді тегін қарауға болады.

Келесі пішімдегі медиафайлдарды қарауға болады:

Кескіндер	PNG, JPEG, BMP.
Музыка	AAC, MP3 (32–320 кбит/с). Теледидар тректің авторы мен атауын, сондай-ақ басқа да ақпаратты дұрыс көрсетуі үшін, MP3 файлындағы метадеректердің пішімі ID3v2.4 және кодтамасы UTF-8 болуы тиіс.
Бейне	AVI, MP4, MKV, MOV, DAT, TS.
Субтитрлер	SRT (Unicode). Субтитрлер дұрыс оқылуы үшін SRT файлы бейне сақталатын каталогта сақталуы тиіс, ал екі файлдың атаулары ұқсас болуы тиіс. Осыған қоса, субтитрлер мәтіні Unicode пішіміне кодталғанына көз жеткізіңіз.



USB-тасығышын қалай қауіпсіз қосуға болатыны туралы «Сыртқы құрылғыларды қосу» бөлімінен оқыңыз. Медиафайлды қарау үшін теледидардың үй экранында  басып, **Медиаорталық** қолданбасын іске қосыңыз. Онда қажетті файлды – фильм, фотосурет немесе музыкалық тректі тауып, ашыңыз. Медиафайлды жаңғырту кезінде басқару баптауларына қол жеткізу үшін  (Menu) пернесін пайдаланыңыз. Menu пернесін тез басу: теледидарды жалпы баптау (кескін, дыбыс). Menu пернесін ұзақ басып тұру: файл жаңғыртуды басқару мәзірін шақыру (дыбыс жолы, субтитрлер, слайд-шоуын баптау).

## Дыбысты сыртқы аудиожүйеге немесе құлаққаптарға тарату

Аудиожүйенің немесе құлаққаптың кәбілін теледидардың артқы панеліндегі жалғағышқа салыңыз. Аудиожүйе **COAXIAL** жалғағышына, ал құлаққаптар 3,5 миллиметрлік аудиожалғағышқа салынады. Дыбыс қосылған құрылғы арқылы бірден ойнатыла бастайды. Толығырақ «Сыртқы құрылғыларды қосу» бөлімінен оқыңыз.


## Қолданбаларды қалай пайдалану керек

Теледидарда бөгде қолданбаларды: браузерлерді, медиаплеерлерді, онлайн-кинотеатрларды және басқаларды іске қосуға болады. Олардың бір бөлігі алдын ала орнатылған, басқаларын теледидардағы қолданбалар дүкенінен орнатуға болады.


Қолданбаны іске қосу үшін теледидардың үй экранында  басып, қажетті қолданбаны таңдаңыз. Егер ол орнатылған болса, оның іске қосылғанын күтіңіз. Егер қолданба орнатылмаған болса, **Установить (Орнатуды)** басыңыз. Ашық қолданбадан шығу үшін  пернесін пайдаланыңыз. Кері жағдайда бұл теледидар жұмысының бұзылуына әкелуі мүмкін.

**Назар аударыңыз:** APK пішіміндегі қосымша қолданбаларды орнату (мысалы, USB-медиаплеер арқылы) көзделген, бірақ кепілдікпен қамтамасыз етілмейді және теледидардың нақты қолданбасы мен бағдарламалық жасақтамасының үйлесімділігіне байланысты болып келеді. Қандай да бір қолданбалардың теледидар бағдарламалық жасақтамасымен үйлеспейтіндігіне теледидардың техникалық кемшілігі емес, қолданбаның әзірлеушісі белгілеген қолданбаның қасиеті болып табылады.

## Кескінді смартфоннан немесе планшеттен көрсету


Теледидардың үй экранында  басыңыз және Miracast қолданбасын іске қосыңыз. Кейін смартфонда немесе планшетте трансляция функциясын қосып, қолжетімді қасиеттер тізімінен теледидарды таңдаңыз. Экранды қайталау туралы толығырақ смартфонның немесе планшеттің құжаттамасынан оқыңыз.

## Теледидарды қайта жүктеу немесе сөндіру

Пультте немесе теледидар корпусында  қосу түймесін басып тұрыңыз. Экран-да сөндіру және қайта іске қосу пәрмендері көрсетіледі – қажеттісін таңдаңыз.

## Ықтимал мәселелер және олардың шешімдері

Теледидардың жұмысында ақаулар туындаған жағдайда, оны сөндіріп, қайтадан қосып көріңіз. Ақауларды жою үшін төменде келтірілген кестені пайдалануға да болады. Ақау жойылмаса, техникалық мамандардың көмегіне жүгініңіз.

Мәселенің сипаты	Мәселені шешу
Теледидар қосылмайды (кезекші режим индикаторы жанбайды)	Теледидардың электрмен қуаттау кәбілінің 220–240 В, 50 Гц айнымалы ток желісіне қосылу дұрыстығын тексеріңіз. Электр розеткасында қуат беретін кернеудің барын тексеріңіз. Теледидардың электр қуатын беру кәбілін электр розеткасынан ажыратыңыз және 2-3 минуттан кейін оны қайта қосыңыз. Қашықтықтан басқару пультінің жұмысын тексеріңіз.
Теледидарлық сигнал қабылданбайды	Теледидар баптауларының дұрыстығын тексеріңіз. Басқа теледидарлық арнасын баптаңыз. Теледидар антеннасынан келетін кәбілдің қосылу дұрыстығын тексеріңіз. Теледидар антеннасы жарамсыз болуы мүмкін не тарату станциясынан келетін сигнал уақытша болмауы мүмкін.
Дыбыстық сүйемелдеу жоқ	Дыбыс қаттылығының реттемесін тексеріңіз. Дыбыстың  батырмасымен өшірілмегенін тексеріңіз. Арналардың баптауларында дыбыс жүйесін таңдау дұрыстығын тексеріңіз. Дыбыс баптауларында орнату дұрыстығын тексеріңіз.
Түс пен кескін беру дұрыстығының бұзылуы	Арналардың баптауларында түстер жүйесін таңдау дұрыстығын тексеріңіз. Кескін баптауларында орнатылымдарды таңдау дұрыстығын тексеріңіз. Тарату станциясынан келетін сигнал әлсіз немесе кедергілі болуы мүмкін, басқа арнаға қайта ауысыңыз.
Теледидар қашықтықтан басқару пультінен басқарылмайды	ҚБП қуаттау элементтеріне арналған бөлігін ашып, қуаттау элементтерін жаңаларымен ауыстырыңыз. ҚБП сәулелендіргішін теледидардың алдыңғы панеліндегі тура қашықтықтан басқару қабылдағышына (сенсорына) бағыптаңыз. ҚБП және ҚБ қабылдағышы (сенсоры) арасында кедергі (жиһаз заттары және т.б.) болмауы керек. ҚБП және ҚБ қабылдағышы (сенсоры) арасындағы қашықтық 5 метрден аспай, ойдағы перпендикулярдан ауытқу бұрышы ең көбі 20 градус болуы тиіс.

<p>PC-HDMI режимінде кескін жыпылықтайды немесе жолақтар пайда болады</p>	<p>Компьютерді орнату дұрыс таңдалмаған. Компьютерді қауіпсіз жүктеу режимінде монитордың дұрыс параметрлерін таңдаңыз.</p>
<p>Экраннан қозғалмайтын жекелеген ұсақ нүктелер (пиксельдер) байқалады</p>	<p>Теледидарда нақтылығы жоғары сұйық кристалды матрица пайдаланылады. Матрицаларды жасаудың заманауи технологиясы кескіндегі жекелеген ұсақ қоңыр немесе түрлі-түсті нүктелердің (пиксельдердің) түзілуіне жол береді, бірақ олар кескіннің жалпы қабылдауын нашарлатпайды. Барлық матрицалар өндіру жағдайларында тексерілген және осы бұйым тобына арналған стандарттар талаптарына сәйкес келеді.</p>
<p>USB-интерфейс жұмыс істемейді</p>	<p>USB-картасын (сыртқы USB-құрылғысын) теледидардың USB-интерфейсінен ажыратыңыз. Жалғағыштарды ұқыпты жалғап, қайтадан қосыңыз.</p>
<p>Сыртқы USB-құрылғысынан кейбір файлдар оқылмайды</p>	<p>Теледидардың USB-интерфейсінің көмегімен оқу үшін файл түрлері айрықшаламаға сәйкес келуі тиіс. Теледидар осы түрдегі файлдарды оқу мүмкіндігін қолдайтынына көз жеткізіңіз («Смотреть медиафайлдарды USB-тасығышынан қарау» бөлімін қараңыз).</p>
<p>Теледидарды көрген немесе өшірген кездегі сыртыл немесе гуіл</p>	<p>Температура мен ылғалдылықтың өзгеруі нәтижесінде пластиктің жылу арқылы қысылуынан туындаған әдеттегі құбылыс. Теледидар шамалы гуілдеуі, ызылдауы, электр тізбектерінің жұмыс істеу ерекшеліктерінен шағын шу шығаруы мүмкін. Бұл ақаулық болып саналмайды.</p>
<p>Басқару командаларының баяу орындалуы</p>	<p>Басқарушы пәрменді орындау үшін теледидар процессорына оны өңдеу үшін шамалы уақыт керек. Теледидардың тұрақты жұмыс істеуі үшін басқарушы пәрмендер арасында жеткілікті үзіліс жасаңыз. Теледидардың жұмыс істеу қабілеттілігіне әсер етпейді және ақаулық болып табылмайды.</p>
<p>Яндекс.Плюс немесе Кино-Поиск жазылымының мәселелері</p>	<p>Егер сіздің Яндекс.Плюс жазылымыңыз болса, <a href="http://yandex.ru/support/plus/troubleshooting.html">yandex.ru/support/plus/troubleshooting.html</a> сайтындағы ұсынымдарды зерделеңіз. КиноПоиск HD жазылымы туралы <a href="http://yandex.ru/support/kinopoisk/subscription-kinopoisk.html">yandex.ru/support/kinopoisk/subscription-kinopoisk.html</a> сайтынан оқуға болады.</p>
<p>Онлайн-видео үзіліп-үзіліп ойнатылады (тежеледі)</p>	<p>Ойнатуды тоқтатыңыз, 2-3 минут күтіңіз, содан кейін көруді жалғастырыңыз. Мүмкін, интернет провайдеріңіздің тарифтік жоспары дұрыс таңдалмаған шығар. Өндіруші ұсынған тарифтік жоспардың жылдамдығы кемінде 10 Мбит/с болуы тиіс. Үй роутеріне қосылған қосымша сымсыз құрылғылар тез жұмыс істедуді төмендетеді алады. Роутердің параметрлері мен баптауларын тексеріңіз, жарамсыз болған жағдайда, оны ауыстырыңыз.</p>

<p>Орнатылған бөгде бағдарламалардың бірі жұмыс істемейді (немесе дыбыссыз жұмыс істейді немесе басқа ескертулер бар)</p>	<p>Ықтимал, мәселе бағдарламаның өзімен (қолданбамен) байланысты. Оны кейінірек іске қосып байқаңыз немесе оны жасаған компанияның қолдау қызметіне хабарласыңыз. Өндіруші бөгде қолданбалардың жұмысы үшін жауапты болмайды.</p>
<p>Сымсыз тінтуір жұмыс істемейді (басқарылмайды)</p>	<p>Сымсыз тінтуірге жаңа қуаттау батареясын салыңыз немесе ескісін ауыстырыңыз. Сымсыз тінтуірдің және оның қабылдап-таратқышы арасында (теледидардың USB жалғағышына қосылған жиынтықтан) сыртқы кедергілердің болмағанына және тура көру мүмкіндігі қамтамасыз етілетініне көз жеткізіңіз. Қажет болған жағдайда сымсыз тінтуірді ауыстырыңыз.</p>
<p>Тіркемеленген мәзір жоқ, басқару жаңылыспен орындалады</p>	<p>Теледидарды розеткадан ажыратыңыз, бір минут күтіңіз және қайтадан іске қосыңыз. Баптауларды зауыттық түрлеріне арылтыңыз («Баптауларды арылту» бөлімін қараңыз). Ашық қолданбалардан әрқашан ← пернесін пайдаланып шығыңыз.</p>
<p>Мен Яндекс аккаунтының логині немесе құпиясөзін ұмытып қалдым</p>	<p>Яндекс көмегіндегі ұсынымдарды пайдаланыңыз. Паспорттар: <a href="https://yandex.ru/support/passport/troubleshooting/">yandex.ru/support/passport/troubleshooting/</a>.</p>
<p>Интернетке қосылу мәселелері</p>	<p>Провайдер жағында қосылуда мәселелердің жоқ екеніне көз жеткізіңіз:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>• Смартфондағы немесе компьютердегі <a href="https://yandex.ru">yandex.ru</a> сайты ашып байқаңыз. Егер қолжетімділігі болмаса, роутерді қайта жүктеңіз. Егер бұл болмаса, провайдерге хабарласыңыз.</li> <li>• Теледидарды Сіздің смартфонның Wi-Fi желісі арқылы мобильді Интернетке қосыңыз. Егер теледидар іске қосылып, мобильді Интернет арқылы тұрақты жұмыс істейтін болса, Wi-Fi бойынша қосылыспен мәселе провайдер жағында орын алады.</li> </ul> <p>Теледидар жұмыс істеу үшін Wi-Fi қосылымы тұрақты болуы тиіс. Смартфонды теледидардың жанына қойыңыз және байланыстың қандай деңгейін көрсететінін қараңыз. Егер бөліктер жартыдан кем болса, теледидарды роутерге жақынырақ жылжытыңыз немесе оны кәбіл көмегімен қосыңыз («Интернетке жаңадан қосу» бөлімін қараңыз). Теледидарды қайта жүктеңіз («Теледидарды қайта жүктеу немесе сөндіру» бөлімін қараңыз). Интернет қосылымын қайта баптаңыз («Интернетке жаңадан қосу» бөлімін қараңыз).</p>



**Ескерту:** экрандағы кескіннің ұзақ уақыт бойы ауыспауына жол бермеңіз. Қозғалыссыз жоғары контрастты кескін экранда «көлеңкесін» қалдыруы мүмкін. Әдетте сөндіру кезінде «көлеңке» бірте-бірте жоқ болады, бірақ келешекте қайтадан пайда болуы мүмкін. Мұндай ақаулық кепілдік жағдайы болып саналмайды.

Сигналды ойнатуға немесе жіберуге байланысты кестеде көрсетілмеген басқа да мәселелерді шешу үшін өз елді мекеніңіздегі ең жақын сервис орталығына хабарласыңыз. Мекенжайларды **dexp.club** ресми сайтында табуға болады.

## Анықтама және қолдау

Пайдаланушының нұсқаулығы: [yandex.ru/support/smart-tv](http://yandex.ru/support/smart-tv)



Жедел желі: 8 800 600-78-11 (күн сайын Мәскеу уақытымен сағ. 07:00-ден 24:00-ге дейін, Ресей бойынша қоңырау шалу тегін).

Сервис орталықтары: [dexp.club/service-centers/](http://dexp.club/service-centers/)

## Ақпарат

Сұйық кристалды теледидар – жоғары технологиялы бұйым. Теледидар экранында бірнеше миллион жұқа үлдірлі транзистор бар, осылайша мінсіз және жанды кескін қамтамасыз етіледі. Кейде теледидар экранында тиянақталған көк, жасыл, қызыл, қара немесе ақ түсті нүктелер пішіміндегі бірнеше белсенді емес пиксель пайда болуы мүмкін. Есіңізде болсын, бұл теледидардың жұмыс істеу қабілетіне әсер етпейді және ақау болып саналмайды.

Барлық LCD панельдері ISO 13406-2 бойынша II-класқа сәйкес келеді ISO 13406-2 стандартымен ақаулы пиксельдердің санына байланысты LCD сапасының 4 класы айқындалған. Жетекші әлемдік өндірушілердің сұйық кристалды теледидарлары мен дисплейлерінің көбі II-класстың рұқсатына сай келеді.

## ISO 13406-2 стандарты ақаулы пиксельдердің 4 түрін айырып таниды

- **1-түр** – үнемі жанып тұратын пиксельдер (ақ);
- **2-түр** – үнемі жанбайтын пиксельдер (қара);
- **3-түрі** – сабпиксельдердің және пиксельдерді құрайтын RGB ұяшықтарының ақауларын қоса, басқа ақаулары бар пиксельдер. Бұл тұрақты негізде жанытын қызыл, жасыл және көк пиксельдерді білдіреді;
- **Кластер** – (ақаулы пиксельдер тобы) – 5x5 пиксель шаршысындағы бірнеше ақаулы пиксельдер.

**1-кесте. Бір миллион пиксельге шаққандағы ақаулы пиксельдердің рұқсат етілетін саны**

Класы	1-түр	2-түр	3-түр	1 немесе 2-түрдегі 1 ақаудан асатын кластерлер саны	3-түрдегі 1 ақаудан асатын кластерлер саны
II	2	2	5	0	2

## SMART-жүйесінің техникалық сипаттамалары

<b>Негізгі сипаттамалар</b>	Процессор	ARM Cortex A53, 4 ядролық, 1,5 ГГц
	Операциялық жүйе	Android 11
	Жедел жад	1,5 Гб DDR
	Кіріктірілген жад	8 Гб (сыртқы USB-тасығыштарымен кеңейтіледі)
<b>Қосылымдар</b>	Кіріктірілген Wi-Fi	802.11. b/g/n/a/ac
	Bluetooth	тік. 2.1/4.2
	USB	USB 2.0

## Техникалық сипаттамалары

- Үлгісі: U65H8000K, U75H8000K.
- Экран: 65", 75".
- Экран ажыратымдылығы: 3840 x 2160 (UHD).
- Динамик қуаты: 2 x 10 Вт.
- ТД сигналы: DVB-C, DVB-T, DVB-T2, DVB-S2.
- Қуат: ~220-240 В, 50 Гц.
- Тұтынылатын қуаты: 127 / 260 Вт.
- Қолданылатын пішімдері:
  - Бейне файлдар/кодектер: VP9, MPEG1/2/4, H.263, H.264.
  - Аудио файлдар/кодектер: MPEG1 Layer3, MP3.
  - Графикалық файлдар: JPEG, BMP, PNG.
- Wi-Fi сымсыз стандарты: IEEE 802.11 b/g/n/a/ac.
- Wi-Fi жиілік диапазоны:
  - 2,4 ГГц: 2400-2483.5 МГц.
  - 5 ГГц: 5150-5350 МГц, 5725-5825 МГц.
- Wi-Fi таратқышының қуаты: < 100 мВт.
- Bluetooth сымсыз стандарты: Bluetooth V2.1/3.0/4.2.
- Bluetooth жиілігі диапазоны: 2402-2480 МГц.
- Bluetooth таратқышының қуаты: < 100 мВт.

<b>Қолданылатын ажыратымдылықтар кестесі</b>	
<b>НDMI</b>	<b>ДК</b>
480i	800x600 60 Гц
480p	1024x768 60 Гц
576i	1280x768 60 Гц
576p	1360x768 60 Гц
720p 60 Гц	1366x768 60 Гц
1080p 60 Гц	1920x1080 60 Гц
2160 60 Гц	3840x2160 60 Гц

## Монтаждау, сақтау, тасу (тасымалдау), сатып өткізу және кәдеге жарату ережелері мен шарттары

- Құрылғы қандай да болмасын монтаждауды немесе бекітуді талап етпейді.
- Құрылғыны қаптамада, өндірушінің және тұтынушының жылытылатын үй-жайларында ауаның 5°C және 40°C аралығындағы температурада және ауаның 80%-дан аспайтын салыстырмалы ылғалдылығында сақтау керек. Үй-жайда жемірілуді тудыратын жегі қоспалар (қышқылдардың, сілтілердің булары) болмауы тиіс.
- Құрылғының дұрыс тасымалдауын қамтамасыз ету үшін келесі талаптарды орындау қажет:
  - егер ондайлар бар болса, құрылғының барлық ішкі керек-жарақтарын шығарып алыңыз және оларды бөлек қаптаңыз;
  - оның жұмысқа қабілеттігін және сыртқы көрінісін сақтау үшін құрылғының дұрыс қапталғанына көз жеткізіңіз (ірі габаритті техниканы сынды жерлерінде гофрланған қатырмадан жасалған төсемдері бар полиэтилен немесе көпіршікті қабықшаға орау керек);
  - оның көлік құралы бойынша жылжуын болдырмау үшін құрылғыны белбеулермен сенімді түрде бекітіңіз;
  - сыртқы ортаның әсерін толығымен болдырмау үшін жабылған көлікті ғана пайдаланыңыз;
  - жүк тиеу-түсіру жұмыстарын орындаған кезде қаптамамен барынша ұқыптылықты қамтамасыз етіңіз.
  - шұғыл соққылар мен құлаудан сақтаңыз;
  - жауын немесе ылғалды қар астында ұзақ болуын болдырмаңыз;
  - қорап үстіне ауыр заттарды қоймаңыз.
- Құрылғыны ұқыппен қолдануды талап етеді, оны шаңның, кірдің, соққылардың, ылғалдың, оттың және т. б. әсерінен қорғаңыз.
- Құрылғыны өткізу жергілікті заңнамаға сәйкес жүргізілуі тиіс.
- Құрылғы ақаулығын анықтаған кезде дереу авторландырылған сервистік орталыққа жүгіну немесе құрылғыны кәдеге жарату керек.
- Құрылғы жиынтығына кіретін, батареялардың қызмет ету мерзімі аяқталғаннан кейін, оларды басқа тұрмыстық қалдықтармен бірге лақтырмаңыз. Құрылғы мен батареяны жою, қалдықтарды бақылаусыз лақтыру нәтижесінде, қоршаған ортаға әлеуетті зиян келдіруді болдырмау үшін, қалдықтарды жою бойынша жергілікті нормалар мен ережелерге сәйкес жүзеге асырылуы тиіс.
- Бұйымның қолдану мерзімі аяқталғаннан кейін, оны әдеттегі тұрмыс қалдықтарымен бірге лақтыруға болмайды. Мұның орнына, оны федералдық немесе жергілікті заңнамаға сәйкес кейінгі қайта өңдеу мен кәдеге жарату үшін тиісті электрлік және электрондық жабдықтарды қабылдау орнына кәдеге жарату керек. Осы бұйымды кәдеге дұрыс жаратуды қамтамасыз ете отырып, сіз табиғи ресурстарды сақтауға көмектесесіз және тиісінше қолданбау салдарынан қоршаған ортаға және адамдардың денсаулығына келтірілуі мүмкін нұқсанның алдын аласыз. Осы бұйымды қабылдау және кәдеге жарату пункттері туралы толығырақ ақпаратты жергілікті муниципалды органдардан немесе тұрмыс қоқысын шығаратын кәсіпорынан ала аласыз.

## Қосымша ақпарат

**Өндіруші:** Өндірістік біртұтас кәсіпорын  
«Горизонт электроника және тұрмыстық техника зауыты».

**Мекенжайы:** «Горизонт электроника және тұрмыстық техника зауыты» біртұтас өндірістік кәсіпорны.

Беларусь Республикасы, 220014, Минск қ., С. Ковалевская тұйық көш 62, 16 к.

Интернеттегі мекенжайы: [www.dexp.club](http://www.dexp.club), [www.horizont.by](http://www.horizont.by).

Беларусь Республикасында жасалған.

### **Юр.лицо, принимающее претензии в Казахстане:**

ТОО «ДНС КАЗАХСТАН», г. Нұр-Сұлтан, р-н Сарыарқа, пр-т Сарыарқа, зд. 12,

### **Қазақстанда шағымдар қабылдайтын заңды тұлға:**

«DNS QAZAQSTAN (ДНС КАЗАХСТАН)» ЖШС, Нұр-Сұлтан қаласы, Сарыарқа ауданы, Даңғылы Сарыарқа, ғимарат 12, Қазақстан.


Өнім сипаттамалары немесе осы нұсқаулықтың мазмұны құрылғы функцияларын жаңартуға байланысты алдын ала ескертусіз өзгертілуі мүмкін.

## Техникалық қызмет көрсету

Осы пайдалану нұсқаулығында берілген пайдалану ережелерін ұстанған кезде теледидардың қызмет ету мерзімі бөлшек сатылымда сатылған күннен бастап 3 жылды құрайды. Егер сату күнін белгілеу мүмкін болмаса, онда қызмет ету мерзімі теледидар жасалған күннен бастап есептеледі. Осы уақыт аралығында өндіруші тұтынушыға өнімді мақсатына сай пайдалану мүмкіндігін, сондай-ақ қосалқы бөлшектердің шығарылуын, олардың сауда және жөндеу кәсіпорындарына жеткізілуін қамтамасыз етеді.

Пайдалану шарттары:

- жұмыс температурасы + 10°C-тан + 35°C-қа дейін;
- жұмыс ылғалдылығы (25°C температурада) 80%-дан аспайды;
- атмосфералық қысым 86-дан 106 кПа-ға дейін (650-ден 800 мм сын.бағ. дейін).



Өндірілген күні қаптамада көрсетілген.

V. 2

## Пайдаланушы нұсқаулығына қосымша

<p>«Төмен вольтты жабдықтардың қауіпсіздігі туралы» КО ТР 004/2011 талаптарына сәйкестік сертификаты,          «Техникалық құралдардың электромагниттік үйлесімділігі» КО ТР 020/2011          Теледидар 100085149.176-2004 БР ТШ техникалық шарттарының талаптарына сәйкес келеді.          Пайдалану кезіндегі қауіпсіздік шарттары бойынша теледидар ГОСТ ІЕС 60065-2013 II сыныбының қорғаныс талаптарына сәйкес келеді.          Тұрмыстық радиоэлектрондық жабдықты, тұрмыстық электр аспаптарын, ақпараттық технология жабдықтарын жобалау, өндіру және қызмет көрсету сапа менеджменті жүйесінің СТБ ИСО 9001 - 2015 талаптарына сәйкес келеді.</p>						
<p>Тауар Еуразиялық экономикалық одақтың ЕАЭО ТР 037/2016 «Электротехника және радиоэлектроника бұйымдарында қауіпті заттарды қолдануды шектеу туралы» техникалық регламентінің талаптарына сәйкес келеді.</p>						
Үлгісі	Таза салмағы, кг	Жалпы салмағы, кг	Қаптаманың өлшемі, мм	Жұмыс режимінің меншікті қуаты, Вт/см <sup>2</sup>	Күту режимінде тұтылатын қуат, Вт	Өшіру режимінде тұтылатын қуат, Вт
U65H8000K	17,2	25,1	1533x127x937	0,011	0,5	0
U75H8000K	26,9	36,8	1800x175x1085	0,017	0,5	0

## **Өндіруші келесі жағдайларда кепілдік міндеттемелерге ие болмайды:**

- Кепілдік мерзімі аяқталды.
- Егер жеке (тұрмыстық, отбасылық) қажеттіліктерге арналған бұйым кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыру үшін, сондай-ақ оның тікелей міндетіне сәйкес келмейтін басқа мақсаттарда пайдаланылған болса.
- Өндіруші бұйымды пайдалану кезінде пайдаланушы нұсқаулығының талаптарын бұзу, бұйымды орнату және оған қызмет көрсету жөніндегі ұсынымдарды, қосу ережелерін (бұйымның өзіне де, онымен байланысты бұйымдарға да сәйкес келмейтін желілік кернеудің әсері нәтижесінде туындаған қысқа тұйықталулар), бұйымды сақтау және тасымалдау кезінде өнім иесі және/немесе үшінші тұлғалар шеккен ықтимал материалдық, моральдық және өзге де зиян үшін жауапты болмайды.
- Механикалық зақымданудың барлық жағдайлары: өнімді пайдалану кезінде алынған сызаттар, жарықтар, деформациялар, соққы іздері, майысулар, кептелістер және т.б.
- Түрлендірулерді, рұқсат етілмеген жөндеулерді осындай жұмыстарды жүргізуге уәкілетті емес адамдар жүргізген жағдайлар. Егер ақаулық конструкцияны немесе бұйымның схемасын өзгерту, Өндіруші қарастырмаған сыртқы құрылғыларды қосу, Қазақстан Республикасының заңнамасына сай сәйкестік сертификаты жоқ құрылғыны пайдалану салдарынан туындаған болса.
- Егер бұйымның ақауы еңсерілмейтін күштің әсерінен (табиғи элементтер, өрт, су тасқыны, жер сілкінісі, тұрмыстық факторлар және Өндірушіге тәуелді емес басқа жағдайлар) немесе Өндіруші болжай алмаған үшінші тұлғалардың әрекеттерінен туындаса. Бұйымның толық немесе ішінара істен шығуына алып келген бұйымның ішіне бөгде заттардың, өзге денелердің, заттектердің, сұйықтықтардың, жәндіктердің немесе жануарлардың түсуінен, агрессивті ортаның әсерінен, жоғары ылғалдылықтан, жоғары температуралардан туындаған ақау.
- Бұйымды сәйкестендіру (сериялық нөмірі) жоқ немесе сәйкес келмейді. Егер зақымданулар (кемшіліктер) зиянды бағдарламалық қамтаманың; БҚ ұсынудысының осы қызметті ұсынбауына байланысты мүмкіндігінсіз бұйымның бағдарламалық ресурстарына қолжетімділіктің болмауына әкеп соққан құпиясөздерді (кодтарды) оларды жинау/қалпына келтіру мүмкіндігінсіз орнату, ауыстыру немесе жою әсерінен туындаса.
- Егер жұмыстың ақаулықтары қуат беруші, кабельдік, телекоммуникациялық желілердің, радиосигнал қуатының стандарттарға немесе техникалық регламенттеріне сәйкес келмеуінен, оның ішінде бедер ерекшеліктерінен және басқа да осыған ұқсас сыртқы факторлардан, бұйымның желі әрекет ететін шекарада немесе аймақтан тыс жерде пайдаланылуынан туындаған болса.
- Егер зақымданулар стандартты емес (түпнұсқалық емес) және/немесе сапасыз (зақымданған) шығыс материалдарын, керек-жарақтарды, қосалқы бөлшектерді, қуат беру элементтерін, әртүрлі үлгідегі ақпарат тасымалдағыштарды (CD, DVD дискілерді, жад карталарын, SIM карталарын, картридждерді қоса алғанда) пайдаланудан туындаса.
- Егер кемшіліктер үйлесімсіз контентті (әуендерді, графиканы, бейне және басқа файлдарды, Java қосымшаларын және оларға ұқсас бағдарламаларды) алуға, орнатуға және пайдалануға байланысты туындаған болса.
- Осы бұйыммен жанасып жұмыс істейтін басқа жабдыққа келтірілген залалға.

# Кепілдік талоны

SN/IMEI: \_\_\_\_\_

Кепілдікке қойылған күні: \_\_\_\_\_

Өндіруші бүкіл кепілдік мерзімі ішінде құрылғының үздіксіз жұмыс істеуіне, сондай-ақ материалдар мен жинақтарда ақаулардың болмауына кепілдік береді. Кепілдік кезеңі бұйымды сатып алған сәттен басталады және тек қана жаңа өнімдерге қолданылады.

Кепілдік қызмет көрсетуге пайдаланушы нұсқаулығына сәйкес бұйымды пайдалану шартымен кепілдік мерзімі ішінде тұтынушының кесірінен істен шықпаған элементтерді тегін жөндеу немесе ауыстыру кіреді. Элементтерді жөндеу немесе ауыстыру уәкілетті сервистік орталықтардың аумағында жүргізіледі.

Кепілдік мерзімі: 36 ай.

Пайдалану мерзімі: 48 ай.

Сервистік орталықтардың өзекті тізімі келесі мекенжай бойынша:

<https://www.dns-shop.ru/service-center/>

**Кепілдік міндеттемелер және тегін сервистік қызмет көрсету, егер оларды ауыстыру бұйымды бөлшектеуге байланысты болмаса, тауардың жиынтықтылығына кіретін, төменде аталған керек-жарақтарға қолданылмайды:**

- ҚБП (Қашықтан басқару пультіне) арналған қуат элементтері (батареялар).
- Жалғағыш кабельдер, антенналар және оларға арналған жалғастырғыш тетіктер, құлаққаптар, микрофондар, «HANDS-FREE» құрылғылары; жиынтықта жеткізілетін әртүрлі типтегі ақпарат тасымалдағыштар, бағдарламалық құрал (БҚ) және драйверлер (бұйымның қатты магниттік дискілердегі жинақтағышқа алдын ала орнатылған БҚ-ны қоса алғанда, бірақ онымен шектелмей), сыртқы енгізу-шығару құрылғылары және манипуляторлар.
- Қаптар, сөмкелер, белдіктер, тасымалдауға арналған баулар, монтаждық керек-жарақтар, құрал-саймандар, бұйымға қоса берілетін құжаттама.
- Табиғи тозуға ұшырайтын шығын материалдары мен бөлшектер.





